

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1753 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1201 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 376 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.20. N 376 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1753 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 589-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ "тізбесі" деген сөзден кейін "(бұдан әрі - Тізбе)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Гранттарды тарту және пайдалану жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдар Тізбеге енгізуге ұсынатын ұйымдар қызметінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 10-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының талаптарына сәйкестігін айқындау жөніндегі іс шараларды өткізгеннен кейін орынды жағдайда жыл сайын 20 ақпанға дейін Тізбеге толықтырулар енгізу туралы тиісті шешімнің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді деп белгіленсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесінде:

"Халықаралық ұйымдар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 48-2, 48-3, 48-4-тармақтармен толықтырылсын;

"48-2. Халықаралық ғылыми-техникалық орталық (ХҒТО)

48-3. Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарт ұйымы (Я С Ж Т Ш Ұ)

48-4 ЖҚТБ-ға, туберкулезге және малярияға қарсы күрес жөніндегі жаһандық қор "

"Мемлекеттік ұйымдар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 76-1 және 76-2-тармақтармен толықтырылсын:

"76-1. "Ядролық қатерді азайту жөніндегі бастама (NTI)" америка қоры

76-2. Америк азаматтық зерттеулерді дамыту қоры (CDRF)";

"Шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар және қорлар" деген бөлім мынадай мазмұндағы 152 және 153-тармақтармен толықтырылсын:

"152. "United Way International" корпоративтік қоры

153. "ICCO" нидерланд қоры (Дамушы елдермен ынтымақтастық орнатуға арналған шіркеуаралық ұйым)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі